

**«Электр желілерін басқару жөніндегі  
Қазақстан компаниясы» АҚ**

Қызметтің қаржылық нәтижесіне басшылықтың түсіндірмесі

*2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен  
аяқталған жылдағы жай-күй бойынша*



## МАЗМҰНЫ

ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ  
ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ  
БІЗДІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР  
«KEGOC» АҚ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ  
ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ  
ҮКІМЕТПЕН ЖӘНЕ НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-  
ҚАТЫНАС СИПАТТАМАСЫ  
ТАРИФ САЯСАТЫ  
ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ  
    КІРІСТЕР  
    САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ  
    ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР  
    САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР  
    ТЕРІС БАҒАМДЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚ, НЕТТО  
    ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР  
    АҚША АҒЫНДАРЫ  
    ӨТІМДІЛІК  
    ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (ҚНҚ)  
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КРЕДИТТІК КЕЛІСІМДЕР  
КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫ  
«KEGOC» АҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР МЕН  
ТӘУЕКЕЛДЕР

«KEGOC» АҚ 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептемесінде көрсетілген қаржылық нәтижелерге төменде берілген түсіндірмелер мен анықтамаларды «KEGOC» АҚ шоғырландырылған қаржы есептемесімен және аталған кезеңдегі оларға берілген ескертпелермен бірге үйлестікте қараған дұрыс. Сонымен қатар, бұл шолу болжамды пікірді қамтиды. Аталған болжамды пікірлер бұл пікірлерде көрсетілген немесе олардан туындайтын нәтижелерден біздің нақты нәтижелеріміздің ауытқуына әкеліп соғуы мүмкін инвестициялық меморандумда көрсетілген тәуекелдердің, екіұштылық пен басқа да факторлардың әсеріне ұшыраған. Біздің нақты нәтижелеріміз бұл болжамды пікірлерде ұсынылған нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін.

## Қызметке шолу

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасында құрылған және электр энергиясын жеткізу, Ұлттық электр торабын пайдалану, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру қызметін, сонымен қатар Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру/тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметін ұсынатын Компания болып табылады.

Компания Үкіметтің Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды қайта құрылымдау жөніндегі бастамалары аясында 1997 жылы құрылды. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қор немесе «Самұрық-Қазына» АҚ) KEGOC-тың 234 000 001 дана жай акциялары (85%) тиесілі, KEGOC-тың 41 292 727 дана жай акциялары миноритарлық акционерлерге тиесілі және KEGOC-тың 1 390 дана жай акцияларын Компания сатып алды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша KEGOC-тың жарғылық және меншік капиталы сәйкесінше 148 922 757 мың теңгені және 685 719 134 мың теңгені құрады.


2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания қызметкерлерінің тізім бойынша саны 4446 адамды құрады.

Мемлекет тағайындаған Жүйелік оператор ретінде Компания Қазақстанның Біртұтас электр энергетикасы жүйесін («БЭЖ») басқарады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша БЭЖ:


- а) Ұлттық электр торабы («ҰЭТ»);
- б) Ұлттық, өнеркәсіптік және өңірлік маңызы бар 207 электр станциясы;
- в) 0,4 – 220 киловольт электр желілері арқылы бөлшек (соңғы) сауда тұтынушыларына электр энергиясын беретін 19 аймақтық энергетикалық компания мен 126 шағын компания;
- г) жүйелік қызметтер көрсетуге шарттар жасаған көтерме сауда нарығының 551 субъектісінен тұрады.

«KEGOC» АҚ ұзындығы 27 632,9 км 35-1150 кВ жоғары вольтты электр жеткізу желілері және 83 қосалқы станциядан тұратын ҰЭТ активтеріне иелік етеді және басқарады, сонымен қатар сол активтерге техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді.

### Қазақстан Республикасында 2018 жылдан бастап 2023 жылды қоса алғандағы кезеңде электр энергиясын тұтыну және өндіру көлемі



### 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша KEGOC акционерлерінің құрылымы



## Электр желілік шаруашылықтың сипаттамасы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ЖЭТ филиалдарының балансында трансформаторларының белгіленген қуаты 39 112,6 МВА болатын 83 35-1150 кВ-тық қосалқы электр станция бар, соның ішінде:

- 1150 кВ - 3 дана қуаты 9 384,1 МВА;
- 500 кВ - 20 дана қуаты 17 447,5 МВА;
- 220 кВ - 57 дана қуаты 12 257,8 МВА;
- 35 кВ - 2 дана қуаты 23,2 МВА.

Кернеуі 35-1150 кВ-тық электр жеткізу желісінің жалпы ұзындығы 27 632,991 км құрайды (тізбектер бойынша), соның ішінде кернеу сыныбы бойынша габариттері мынадай:

- 1150 кВ ӘЖ – 1421,225 км;
- 500 кВ ӘЖ – 8281,931 км;
- 330 кВ ӘЖ – 1 863,28 км;
- 220 кВ ӘЖ – 15 669,584 км;
- 110 кВ ӘЖ – 352,841 км;
- 35 кВ ӘЖ – 44,13 км.

KEGOC мемлекетаралық және өңіраралық электр жеткізу желілері арқылы электр энергиясын жеткізуді, өңірлік электр желілік компаниялармен және ірі тұтынушылармен байланысты қамтамасыз етеді. Бұл ретте, Компания халыққа электр энергиясын жеткізбейді.

БЭЖ-дің қалған активтері үшінші тұлғаларға тиесілі. KEGOC-тың электр энергиясын өндіретін электр станцияларында немесе тарату желілерін пайдаланатын компанияларда акциялары немесе қатысу үлесі жоқ.

### «KEGOC» АҚ Даму жоспары (Стратегиясы):

«KEGOC» АҚ қызметі Қазақстанның бүкіл экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызға ие және мүдделі тараптардың кең ауқымының мүдделерін қозғайды. Компания мұны шешім қабылдау және ұзақ мерзімді стратегия құру кезінде ескереді. Қоғамның мүдделеріне мұқият қарау, Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан ҰЭТ-тың озық дамуы, адамдардың лайықты еңбек жағдайлары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету, экология туралы қамқорлық біздің басты назарымызда. Бұл «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі 2023 жылғы 1 сәуірде бекіткен (№3 хаттама) «KEGOC» АҚ 2023-2032 жылдарға арналған даму жоспарында (Стратегия) көрсетілген.

Энергетикалық жүйені дамыту мен трансформациялауды, Қазақстанның карбонсыздандырылуын және тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуді негізге ала отырып, Компанияның стратегиялық **пайымы** айқындалды:

*«Энергия ауысуы жағдайында болашақ энергетикалық жүйенің және нарықтың өзгеруіне ықпал ететін, экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және инфрақұрылымды жоспарлау және*

таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикалық жүйенің дамуына үлес қосатын Қазақстан БЭЖ-інің Жүйелік операторы».

Компанияның миссиясы - Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін және озық дамуын қамтамасыз ету.

Компанияның миссиясына сәйкес қызметтің келесі стратегиялық бағыттары айқындалды:

1. Сапалы жүйелік қызмет көрсету. Мақсаты - электр энергиясын жеткізуді, теңгерімдеуді және техникалық диспетчерлендіруді қамтамасыз ету.


2. Таза активтердің құнын ұлғайту. Мақсаты - қаржылық тұрақтылық, жобалар мен бастамалар портфелін айқындау, озық таза технологияларды енгізу және цифрландыру жөніндегі жобаларды қоса алғанда, ірі инвестициялық және табысты жобаларды іске асыру, өзіндік көміртегі ізін азайту және ESG қағидаттарын ескере отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру.

Пайымды, миссияны іске асыру стратегиялық мақсаттарды және әрбір мақсат үшін айқындалған міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізілетін болады:

**1-мақсат:** Энергетикалық ауысу кезеңінде Қазақстан БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Оған келесі міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізіледі: i) Қазақстан БЭЖ Жүйелік операторының функцияларын орындау; ii) ҚР ҰЭТ озық дамуы, ЖЭК тиімді интеграциясы 19% деңгейінде; iii) 3.Заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды енгізу, Smart Grid.

**2-мақсат:** ESG қағидаттарына сәйкес мыналар арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз ету: i) Көміртек ізін азайту, ii) Адами капиталды дамыту, iii) Корпоративтік басқаруды жетілдіру және iv) Кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру.

**3-мақсат:** Таза активтердің құнын i) қаржылық тұрақтылықты нығайту және iii) халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы ұлғайту.



ЖЭТ\* – Жүйеаралық электр тораптары

## Еншілес компаниялар туралы ақпарат

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның мынадай еншілес ұйымдарда қатысу үлесі болды:

Компания	Қызметі	Қатысу үлесі	
		2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
«Энергоинформ» АҚ (бұдан әрі – «Энергоинформ»)	KEGOC қызметін ақпараттық қамтамасыз ету	100%	100%
«Батыс транзит» АҚ	«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру	20%	20%

### «Энергоинформ» АҚ

«Энергоинформ» мекемесі 2002 жылы заңды тұлға болып табылатын коммерциялық емес ұйым ретінде «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне қызмет көрсетуге байланысты қолдау функцияларын орындау мақсатында құрылды. 2010 жылғы қараша айында «Энергоинформ» мекемесі акционерлік қоғам болып қайта ұйымдастырылды, онда «KEGOC» АҚ 100% дауыс беруші акцияларын иеленеді. «Энергоинформ» АҚ жарғылық капиталы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 2 179 700 мың теңгені құрайды.

Миссиясы: үздік әлемдік тәжірибелерді және инновациялық технологияларды қолдана отырып, ҚР БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

«Энергоинформ» АҚ қызметінің стратегиялық мақсаттары:

- «KEGOC» АҚ және ҚР БЭЖ субъектілерінің ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің (бұдан әрі – АТК) сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- ҚР энергия нарығын басқару жүйесіне зияткерлік шешімдерді ендіру;


- ҚР энергия нарығы субъектілерінің инфрақұрылымдық кешендерін дамыту;

- Қоғам құнының өсу көздерін әртараптандыру.

«Энергоинформ» АҚ қызметінің негізгі тұтынушысы бұл Қазақстан Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы - «KEGOC» АҚ болып табылады.

## 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Энергоинформ» АҚ кірісінің жалпы сомасы

(мың теңге)



### «KEGOC» АҚ қызметінің қаржылық жағдайына және нәтижелеріне әсер еткен негізгі факторлар мен тәуекелдер

«KEGOC» АҚ қызметін күрделі ортада жүзеге асырады, онда оның қызметіне әсер ететін бірқатар сыртқы факторлар бар. Мұндай фактор дебиторлық берешектің өсу қаупіне әкелетін біздің қызмет тұтынушыларымыздың төлем қабілеттілігінің төмендеуі болып табылады. «KEGOC» АҚ медиативтік келісімдер жасасудан бастап кінәраттық-талап қою жұмыстарын жүргізуге дейін осы тәуекелді көшіруге бағытталған бірқатар шараларды қабылдайды.

#### Үкіметпен және негізгі акционермен өзара қарым-қатынас сипаты

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, «Қазақстан Республикасының электр энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулыға сәйкес құрылды.

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары мемлекеттің меншігінде болды. «KEGOC» АҚ жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы № 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 қаулысымен мемлекеттік акциялар



пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеу үшін табыс етілді.

«Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамдарының бірігуі арқылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Осылайша, «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында тұрған «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының меншігіне берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасына («Халық IPO» бағдарламасы) сәйкес «KEGOC» АҚ 25 999 999 дана мөлшеріндегі жай акциялары пакеті 2014 жылы Қазақстан қор биржасына орналастырылды.

«Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысын орындау шеңберінде 2023 жылы KEGOC акциялары екі KASE және AIX биржаларында қайталама орналастырылды (SPO). Оның нәтижесінде «KEGOC» АҚ орналастырылған акцияларының жалпы санының кемінде 85%-ын «Самұрық-Қазына» АҚ меншігінде сақтай отырып, 15 294 118 дана акция орналастырды.

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.

## **Тарифтік саясат**

«KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен (бұдан әрі – Заң) реттеледі. Заңға сәйкес KEGOC ұсынатын мынадай қызметтер табиғи монополиялар саласына жатады:

- Ұлттық электр торабының желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңына сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы

институты енгізіліп, нақты уақыт режимінде теңгерімдеуші нарық жұмыс істей бастады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы нарығының жаңа моделі электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алу-сатуға көшуді көздейді.

Электр энергиясын сатып алу-сатудың осындай орталықтандырылған механизмі Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы оператор болып табылатын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі шеңберінде Қазақстан БЭЖ-інде теңгерімсіздіктерді реттеу үшін көзделген.

Электр энергиясын бөлудің «атаулылығының» болмауына байланысты 2023 жылғы 01 шілдеден бастап Компания көрсететін «жаңа» қызмет – Ұлттық электр торабын пайдалану қызметі енгізілді.

Бұл ретте, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу қызметі сақталды және электр энергиясының мемлекетаралық транзиті (басқа мемлекеттердің ұйымдарына қызмет көрсету кезінде), экспорт/импорт кезінде тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға (ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын электр станциясынан тұтынушыға, тұлғалардың бір тобына кіретіндерге беру кезінде, яғни, беру бағыты мен атаулылығын анықтауға болады) және ЖЭК-пен шарт жасасқан тұтынушыларға көрсетіледі.

Нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының енгізілуіне байланысты электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтерге тарифті есептеу әдістемесіне түзетулер енгізілді, онда Қазақстан БЭЖ-інің Ресей БЭЖ-імен шекарасындағы сағаттық ауытқуларды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу мен сатудан түсетін шығыстар мен кірістер арасындағы айырма (бұдан әрі – ҚР-РФ шығындарының өтемақысының айырмасы) алынып тасталды. ҚР-РФ шығындарының өтемақысының айырмасын Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді. Оған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тариф белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағалауларына және капитал кірістілігінің әділ нормасына сүйенеді.

***Тариф = ұйғарынды түсім/ қызметтердің болжалды көлемі***

***ұйғарынды түсім = негізделген шығындар + ұйғарынды пайда деңгейі***

ТМРК ұйғарынды пайда деңгейін активтердің реттелетін базасына («АРБ») пайда мөлшерлемесінің іске қосылған активтер коэффициентіне («ІАК») көбейтіндісі ретінде анықтайды.

***Пайданың ұйғарынды деңгейі = АРБ \* ІАК\* кірістілік нормасы***

*мұнда:*

- АРБ (іске қосылатын активтердің реттелетін базасы) – Табиғи монополиялар субъектісінің (ТМС) меншігінде тұрған және ТМС пайда алу құқығы бар қызметтерді жүргізу және ұсыну кезінде қолданылатын активтердің реттелетін құны;

- ІАК (іске қосылған активтер коэффициенті) – табиғи монополиялар саласына жатқызылған қызметтерді бәжүргізген және көрсеткен кезде ТМС негізгі құралдарының нақты пайдаланылуын (іске қосылуын) сипаттайтын, олардың технологиялық қуатынан пайыз түріндегі көрсеткіш;

2010 жылы ТМРБҚК Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетуге бірыңғай тарифтерді есептеу рәсімдерін белгілеу мақсатында, Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерге тарифтерді есептеу әдістемесіне өзгерістер енгізді. Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетуге бірыңғай тарифті ендірумен, жоғарыда аталған әдістемеге және ТМРК бұйрығына сәйкес аймақтық тарифтер 2010 жылғы 1 тамыздан бастап жойылды. Бірыңғай тарифті енгізу Компанияның жұмысын жақсартты, барлық тұтынушылары үшін ҰЭТ-қа теңдей қол жеткізілуін қамтамасыз етті, баға белгілеуде айқындық қалыптастырды.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін бекітуге көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидаттары тарифтердің шекті деңгейлері бұдан кейінгі бірнеше жылға бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтердің есебіне ұқсас. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өз мүмкіндіктерін ұзақ мерзімді кезеңге жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлердің Компания туралы аса толық ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

«Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы» механизмін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізуге байланысты «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес ағымдағы жылғы 1 шілдеден бастап э/э жеткізу саласында ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу және ұлттық электр торабын пайдалану бойынша екі қызмет көрсетеді.

Осы өзгерістерді жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің шешімімен (2023 жылғы 3 шілдедегі №92-НҚ Бұйрығы) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіле отырып, «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалардың өзгерістері бекітілді:

тенге/кВтсағ	01.01.2021-30.09.2021	01.10.2021-30.09.2022	01.10.2022-30.06.2023	01.07.2023-30.09.2023	01.10.2023-29.02.2024	01.03.2024-30.09.2024	01.10.2024-30.09.2025	01.10.2025-30.09.2026
Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет	2,448	2,797	2,848	2,935	3,381	3,474	3,492	3,564
Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызмет				1,651	1,943	1,996	2,002	2,056
Электр энергиясын желіге босату мен	0,264	0,306	0,314	0,320	0,339	0,339	0,351	0,356

тұтыруды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызмет								
Электр энергиясын өндіру-тұтыруды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызмет	0,086	0,098	0,102	0,057	0,060	0,060	0,064	0,066

«KEGOC» АҚ өтініші негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 133-НҚ бұйрық арқылы «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтеріне тарифтік сметаларды 2-реттелетін кезеңге (2022 жылғы 1 қазаннан 2023 жылғы 30 қыркүйекті қоса алғанда) түзетуді бекітті.

2023 жылы «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейін қолданысқа енгізіле отырып, «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтерге өтемдік тарифтерді бекіту бойынша 2022 жылғы 22 сәуірдегі № 67-НҚ бұйрығына қатысты сот талқылауын жалғастырды.

Қолданыстағы заңнаманың ережелеріне сәйкес сот талқылауы кезеңінде осы бұйрықтың қолданылуы тоқтатылды.

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес 2023 жылы 3 146 млн.кВтсағ көлемінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер ақысыз көрсетілді.

## Электр энергиясын жеткізу көлемдері

2023 жылы көрсетілген жүйелік қызметтердің көлемі жөніндегі мәлімет:

- ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемі 39 244 млн. кВтсағ құрады;

- ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметтер көлемі 35 984 млн. кВтсағ құрады.

«Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушының моделін енгізу және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын іске қосу бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) өзгерістер енгізілді.

Осыған байланысты ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің құрылымы өзгертілді.

Мәселен, Электр энергетикасы туралы заңның 1-бабының 27-1) тармағына сәйкес, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет - электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және электр энергиясының мемлекетаралық

транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға жүйелік оператор көрсететін қызмет.

Заңның 1-бабының 27-1) тармағының анықтамасын негізге ала отырып, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерді тұтынушылар айқындалды.

Сондай-ақ, Заңның 1-бабының 27-2) тармағымен Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызмет енгізілді. Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын жеткізу саласына жатқызылған жаңа қызметті «KEGOC» АҚ шартты тұтынушылар мен адамдар тобының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған кезде электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық субъектілеріне көрсетеді.

Осылайша, ұлттық электр торабы арқылы э/э жеткізу бойынша қызмет электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және э/э мемлекетаралық транзит көлемі үшін ұйымдарға, KEGOC желісі арқылы электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар топтарына, сондай-ақ ЖЭК-пен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға көрсетіледі.

ҚР-да э/э тұтынудың қалған көлемі ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметте қамтылады, өйткені заңнамаға сәйкес электр энергиясын барлық тұтынушылар электр энергиясын ҰЭТ-ты пайдалана отырып, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуға міндетті.

Нәтижесінде 2023 жылдың нақты кезеңдерін 2022 жылмен салыстыру қате болып табылады.

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер көлемі 106 284 млн. кВтсағ құрады. 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 255 млн. кВтсағ немесе 2,6%-ға артты. Импортталатын электр энергиясы көлемінің ұлғаюына байланысты қызметтер көлемі өсті.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемі 205 415 млн. кВтсағ құрады. 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 465 млн. кВтсағ немесе 2,4%-ға артты. Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтынушының артуы себебінен көрсетілетін қызметтер көлемі артты.

### **Электр энергиясының келісімшарттық емес ағындары**

2023 жылы «KEGOC» АҚ (Қазақстан Республикасы) және «НЭС Кыргызстана» ААҚ (Қырғыз Республикасы) арасында жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жасалды. Осы шарттар бойынша өзара есеп айырысу шарттардың талаптарына сәйкес жүргізілді.

«НЭС Кыргызстана» ААҚ (Қырғыз Республикасы) және «НЭС Узбекистана» АҚ-мен (Өзбекстан Республикасы) 2024 жылға да шарт жасалды.

Орталық Азиямен электр энергиясының келісімшарттық емес ағыныны тәуекелі жоқ.

### **Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштері**

2023 жылғы қаңтар-қарашаның қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының өсуі 4,9 пайызды құрады, ал өткен жылдың ұқсас кезеңінде бұл көрсеткіш 2,7 пайыз деңгейінде болды. Жалпы, жан басына шаққандағы ЖІӨ 11,5 мыңнан 13,3 мың долларға дейін өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 15%-ға өсіп, 15 трлн теңгені құрады.

2023 жылы электр энергиясын тұтыну көлемі 115 млрд кВтсағ (2022 жылы – 112,9 млрд кВтсағ) деңгейінде болды. Өндіріс 112,8 млрд кВтсағ, көршілес елдерден электр энергиясының импорты – 3,4 млрд кВтсағ, экспорт – 1,4 млрд кВтсағ құрады.

ҚР БЭЖ қуаты мен электр энергиясының болжамды теңгеріміне сәйкес электр энергиясын тұтынудың 2024 жылғы 120,6 млрд. кВт\*сағ-тан 2030 жылы 155,9 млрд. кВт\*сағ-қа дейін өсуі, сондай-ақ электр энергиясын өндірудің 2024 жылғы 118,3 млрд. кВт\*сағ-тан 2030 жылы 142,5 млрд. кВт\*сағ-қа дейін өсуі күтілуде, бұл Қазақстан Республикасында электр энергиясын жеткізу көлемін ұлғайтады.

### **Маусымдылық**

Көрсетілетін жүйелік қызметтердің көлемі айқын маусымдық сипатқа ие. Күзгі-қысқы кезеңдерде көрсетілетін қызметтердің көлемі электр энергиясын тұтынудың өсуіне байланысты ұлғаяды. Жазғы және көктемгі кезеңдерде тұтынудың төмендеуі және тиісінше көрсетілетін жүйелік қызметтер көлемінің төмендеуі байқалады.

### **Инфляция деңгейі**

Соңғы жылдары Қазақстандағы инфляцияның орташа деңгейі 2022 жылы 20,3%-ға дейін өсу кезеңін қоспағанда, кемінде 8,4%-ды құрайды (дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі). 2023 жылы инфляция Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 9,8%-ға жетті.

### **Қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ)**

Компания Басшылығы мен Директорлар кеңесі тоқсан сайын ҚЕХС сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде есептелген ҚНҚ-ні мониторингтейді.

### **Қаржылық ҚНҚ**

№	Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Түрі	Анықтамасы/Есептеу
1	Таза табыс	млн./млрд. теңге	аналитикалық	Таза табыс = А-В-С, мұнда А - Жалпы кірістер (негізгі және негізгі емес қызметтен түсетін кірістер); В - Жалпы шығыстар (КТС қоса алғанда, негізгі және негізгі емес қызметтен шығыстар); С - бақыланбайтын үлес.
2	ЕБИТДА	млн./млрд. теңге	салалық	ЕБИТДА = (А+В+В1)-(С-Ғ)-(Д-Г)-(Е-Н)+Р, мұнда А - Сатудан түскен кірістер; В - Мемлекеттік субсидиялар; В1 - Пайыздық кірістер және басқа да қаржылық кірістер (олардың негізгі қызметі бойынша қаржы сегментіне дейін); С - Сату құны; Д - Жалпы және әкімшілік шығыстар; Е - Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар; Ғ - Сатудың өзіндік құнында ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация; Г - Жалпы және әкімшілік шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация; Н - тасымалдау өткізу бойынша шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация; Р – Есепті күннің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардан алынған пайда/залал.
3	ЕБИТДА margin	%	салалық	ЕБИТДА margin = ((А+В+В1)-(С-Ғ)-(Д-Г)-(Е-Н))/(А+В+В1) x 100, мұнда А - Сатудан түскен кірістер; В - мемлекеттік субсидиялар; В 1 - пайыздық кірістер және басқа қаржылық кірістер (олардың негізгі қызметі бойынша қаржы сегментіне дейін); С - сату құны; Д - жалпы және әкімшілік шығындар; Е - Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар; Ғ - Сатудың өзіндік құнында ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация; Г - Жалпы және әкімшілік шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация;

№	Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Түрі	Анықтамасы/Есептеу
				Н - Тасымалдау өткізу бойынша шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация.
4	FCF	млн./млрд. теңге	аналитикалық	FCF = Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары - CAPEX + ДЗО/СП түскен дивидендер.
5	Долг/ЕБИТДА	коэф.	стратегиялық	Борыш/ЕБИТДА = А/В, мұнда А = қарыз алу нәтижесінде компания тартқан ақша қаражатының сомасы, В = Негізгі қызметтен түсетін кіріс - амортизацияны есепке алмағанда қызметтердің өзіндік құны - амортизацияны есепке алмағанда жалпы және әкімшілік шығыстар-өткен 12 айдағы амортизацияны есепке алмағанда өткізу бойынша шығыстар.
6	ROACE	%	аналитикалық	ROACE (Тартылған капиталдың табыстылығы) = (Таза табыс + (сыйақы шығыстары) * (1- корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі))/ACE, мұнда ACE = кезеңдер арасындағы орташа тартылған капитал (қарыз + меншікті капитал).
7	NAV	млн./млрд. теңге	стратегиялық	NAV (Таза активтердің құны) = (Активтер-міндеттемелер-бақыланбайтын қатысу үлесі)*n + [(Акционерге/Үкіметке есептелген дивидендтер + өзге де бөліністер – үкіметтен не бас компаниядан қарыздар бойынша дисконт - Акционерден/Үкіметтен жарғылық капиталға салым) акционердің үлесіне] 2015 жылдан бастап жиынтық түрде.
8	TSR	%	стратегиялық	TSR (Листингілік компания үшін акционердің жалпы кірістілігі) = (акцияның соңындағы бағасы-акцияның басындағы бағасы + бір акцияға алынған дивидендтер-бір акцияға жарғылық капиталға салым) / акцияның басындағы бағасы.

Төменде компанияның қаржылық стратегиялық, аналитикалық және салалық тиімділігінің динамикасы көрсетілген.

№	Атауы	2022 жыл	2023 жыл		кезеңге арналған жоспарға %	осыған ұқсас кезеңдегі фактіге %
		Факт	Жоспар	Факт		
<b>Стратегиялық ҚНҚ</b>						

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша



1	NAV, млрд. теңге	421,2	427,3	408,0	95%	97%
2	TSR, %	-10,67	7,06	3,44	49%	-32%
3	Борыш/ЕБИТДА, коэф.	1,53	1,64	1,51	92%	99%
<i>Аналитикалық ҚНҚ</i>						
4	Таза табыс, млрд. теңге	26,7	31,5	43,4	138%	163%
5	ROACE, %	4,16	5,08	6,49	128%	156%
6	FCF, млрд. теңге	66,3	63,8	46,0	72%	69%
<i>Салалық ҚНҚ</i>						
7	ЕБИТДА, млрд. теңге	102,5	102,6	108,1	105%	106%
8	ЕБИТДА margin, %	-	41	43	102%	-

## **2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша қалыптастырылған 1 деңгейдегі ҚНҚ-ның нақты мәндерінің жоспарлы мәндерден ауытқу факторлары**

### NAV, млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда NPV 19,3 млрд. теңгеге төмендеді. Көрсеткіштің өзгеруіне 1 акция бағасының төмендеуі әсер етті (факт – 1482,0 теңге, жоспар 1552,1 теңге).

### TSR, %

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспармен салыстырғанда көрсеткіш 3,6 пайыздық тармаққа төмендеді. Көрсеткіштің өзгеруіне 1 акция бағасының төмендеуі әсер етті (факт-1482,0 теңге, жоспар - 1552,1 теңге).

### Борыш/ЕБИТДА, коэф.

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспармен салыстырғанда көрсеткіш 0,13%-ға немесе 7,94%-ға төмендеді. Көрсеткіштің өзгеруіне мыналар оң әсер етті:

4,9 млрд. теңге – негізінен 1 млн АҚШ доллары сомасына ХҚДБ қарызының бір бөлігін ішінара мерзімінен бұрын өтеуге байланысты қарыздар бойынша міндеттемелерді азайту есебінен;

5,6 млрд. теңге – ЕБИТДА артуы.

### Таза табыс, млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда таза пайда 11,9 млрд. теңгеге өсті, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

(+) оң факторлар:

6,2 млрд. теңге – негізінен қызметтер көлемінің ұлғаюы есебінен, оның ішінде э/энергиясын жеткізу бойынша 3,8 млрд. теңгеге (34,8-ден 36,01 млрд. кВт\*сағатқа дейін), техникалық диспетчерлеу бойынша 220,3 млн. теңгеге (105,6-дан 106,3 млрд. кВт\*сағатқа дейін) және ҰЭТ-ты пайдалану бойынша жаңа

қызметті қосу есебінен 1,2 млрд. теңгеге реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі;

3,3 млрд. теңге – 2023 жылғы 4-тоқсанда жүргізілген түгендеу нәтижесінде НҚ және МЕА амортизациясы бойынша шығынның төмендеуі;

2,7 млрд. теңге – жинақ шоттарындағы және депозиттердегі ақшалай қаражаттармен жасалған операциялардан сыйақы мөлшерлемесінің жоғарылауы салдарынан қаржылық операциялардан түсетін кірістің өсуі;

0,9 млрд. теңге – ұлттық валютаны нығайту нәтижесінде валюталық операциялар бойынша кірістердің өсуі;

0,7 млрд. теңге – басқа факторлар.

*(-) теріс факторлар:*

2,1 млрд. теңге – сатып алудың орташа бағасының 8,33-тен 11,73 теңге/кВт\*сағатқа дейін өсуі нәтижесінде э/энергиясының технологиялық шығыны бойынша шығыстың артуы (ЭТН-де ысырапты өтеу үшін э/э сатып алу-сату бойынша операцияларды есепке алғанда).

#### ROACE, %

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспармен салыстырғанда көрсеткіш 1,41 пайыздық тармаққа өсті. Көрсеткіштің өзгеруіне келесі оң факторлар әсер етті:

11,8 млрд. теңге – салық салудан кейінгі таза операциялық пайданың өсуі (1,43 пайыздық тармақ), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі есебінен (э/энергиясын жеткізу бойынша көлемдердің 34,8-ден 36,01 млрд. кВт\*сағ-қа 3,8 млрд. теңгеге өсуі және ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызмет бойынша 1,2 млрд. теңгеге өсуі);

2,9 млрд. теңге – активтерді қайта бағалау бойынша резервті төмендету шоты нәтижесінде меншікті капиталды ұлғайту үшін (бастапқы жоспарды қалыптастыру кезінде бағалау резерві 570 млрд. теңгені, факт – 489 млрд. теңгені құрады) АСЕ орташа тартылған капиталын ұлғайту (-0,2 пайыздық тармақ).

#### Еркін ақша ағыны (FCF), млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда көрсеткіштің 17,8 млрд. теңгеге төмендеуі байқалды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

*(-) теріс факторлар:*

8,5 млрд. теңге – корпоративтік табыс салығы бойынша төлемдер;

2,2 млрд. теңге – пайыздар бойынша сыйақы төлеу;

5,2 млрд. теңге – операциялық қызмет бойынша өзге де төлемдер;

2,0 млрд. теңге – өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру мақсатында күрделі қаржы салымдары бойынша шығындардың өсуі.

#### EBITDA, млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда 5,6 млрд. теңгеге өсу байқалды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

*(+) оң факторлар:*

6,2 млрд. теңге – реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі негізінен қызметтер көлемін ұлғайту есебінен, оның ішінде э/энергиясын жеткізу бойынша (34,8-ден 36,01 млрд. кВт\*сағ) 3,8 млрд. теңгеге, техникалық диспетчерлеу бойынша (105,6-дан 106,3 млрд. кВт\*сағ) 220,3 млн. теңгеге және жаңа ҰЭТ-ты пайдалану қызметін қосу есебінен 1,2 млрд. теңгеге ұлғаюы есебінен болды;

1,3 млрд. теңге – негізгі қорлар жіктеуішінің өзгеруі салдарынан салықтар бойынша, оның ішінде мүлік салығы бойынша шығыстардың азаюы;

1,2 млрд. теңге – салықтық тексеру актісіне сәйкес 2023 жылы жөндеу бойынша шығыстардың шамамен 0,8 млрд. теңгесін КҚС (күрделі қаржы салымдарына) қайта жіктеуге, сондай-ақ транзиттік желілер бойынша жөндеуге арналған шығындардың 0,5 млрд. теңгеге төмендеуі есебінен жөндеу бойынша шығындардың төмендеуі;

*(-) теріс факторлар*

2,1 млрд. теңге – орташа сатып алу бағасының 8,33 теңгеден 11,73 теңгеге/кВт\*сағ дейін өсуі салдарынан э/энергияның технологиялық шығысы бойынша шығындардың артуы (ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату операцияларын ескере отырып);

1,0 млрд. теңге – басқа факторлар.

**2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша қалыптастырылған 1 деңгейдегі ҚНҚ нақты мәндерінің 2022 жылғы нақты мәндерден ауытқу факторлары:**

NAV, млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты мәнімен салыстырғанда NAV 13,2 млрд. теңгеге төмендеді.

Көрсеткіштің өзгеруіне 1 акцияға бағаның төмендеуі (факті – 1482,0 теңге, жоспар-1620,02 теңге), сондай-ақ Компания акцияларын қайталама орналастыру нәтижесінде акциялар санының 275 292 728 данаға дейін ұлғаюы әсер етті (22,6 млрд.теңге сомасына 15 294 118 акция орналастырылды).

TSR, %

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты мәнімен салыстырғанда көрсеткіш 14.11 пайыздық тармаққа өсті. Көрсеткіштің өзгеруіне 1 акция бағасының өзгеруі және 2022 жылмен салыстырғанда ағымдағы жылы дивидендтер төлеудің ұлғаюы әсер етті.

Борыш/ЕБИТДА, коэф.

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылғы нақты мәнмен салыстырғанда 0,02 тармаққа шамалы төмендеді.

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Таза пайда, млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты мәнімен салыстырғанда таза пайда 16,6 млрд. теңгеге өсті, көрсеткіштің өсуіне мынадай факторлар әсер етті:

*(+) оң факторлар:*

17,3 млрд. теңге – реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі негізінен жаңа ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметті іске асыру есебінен 65,0 млрд. теңге мөлшерінде және беру көлемдерінің 46,3 млрд. теңгеге төмендеуі салдарынан э/энергия жеткізу бойынша кірістердің төмендеуі есебінен болды;

8,8 млрд. теңге – Бірыңғай сатып алушы мен ЭТН-нің енгізілуіне байланысты Ресей Федерациясымен шекарадағы теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында теңгерімдеуші электр энергиясы мен электр энергиясы бойынша жиынтықтың қаржылық нәтижесі өткен жылмен салыстырғанда төмендеді;

2,2 млрд. теңге – жинақ шоттарындағы және депозиттердегі Ақшалай қаражаттармен жасалған операциялардан сыйақы мөлшерлемесінің жоғарылауы салдарынан қаржылық операциялардан түсетін кірістің өсуі.

*(-) теріс факторлар:*

10,8 млрд. теңге – электр энергиясының технологиялық шығынын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстардың артуы (ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату жөніндегі операцияларды ескере отырып) сатып алудың орташа бағасын 8,33 теңгеден 11,73 теңгеге/кВтсағ ұлғайту есебінен болды;

0,9 млрд. теңге – басқа факторлар.

ROACE, %

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты мәнімен салыстырғанда көрсеткіш 2,33 пайыздық тармаққа өсті. Көрсеткіштің өзгеруіне келесі оң факторлар әсер етті:

18,0 млрд. теңге – салық салудан кейінгі таза операциялық пайданың өсуі (2,18 пайыздық тармақ), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі есебінен негізінен жаңа ҰЭТ-ты пайдалану қызметін іске асыру есебінен 65,0 млрд. теңге мөлшерінде және жеткізу көлемдерінің 46,3 млрд. теңгеге төмендеуі салдарынан э / энергия жеткізу бойынша кірістердің төмендеуі;

29,5 млрд. теңге – негізінен қарызды азайту есебінен орташа тартылған АСЕ капиталын төмендету (0,15 пайыздық тармақ).

Еркін ақша ағыны (FCF), млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда 20,305 млрд. теңгеге төмендеу орын алды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

*(-) теріс факторлар:*

6,890 млрд. теңге – өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру мақсатында күрделі қаржы салымдар бойынша шығындардың өсуі;

8,703 млрд. теңге – пайыз бойынша сыйақы төлеу;

4,238 млрд. теңге – корпоративтік табыс салығы бойынша төлемдер;  
0,474 млрд. теңге – басқа факторлар.

EBITDA, млрд. теңге

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда көрсеткіштің мәні 5,6 млрд. теңгеге ұлғайды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

(+) оң факторлар:

17,3 млрд. теңге – реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі негізінен жаңа ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметті іске асыру есебінен 65,0 млрд. теңге мөлшерінде және жеткізу көлемдерінің 46,3 млрд. теңгеге төмендеуі салдарынан э/энергия жеткізу бойынша кірістердің төмендеуі есебінен болды;

(-) теріс факторлар:

10,8 млрд. теңге – электр энергиясының технологиялық шығынын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстардың ұлғаюы (ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату жөніндегі операцияларды ескере отырып) сатып алудың орташа бағасын 8,33 теңгеден 11,73 теңгеге/кВтсағ ұлғайту есебінен болды;

0,8 млрд. теңге – басқа факторлар.

### Қаржылық емес корпоративтік ҚНҚ

№	Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Түрі	Анықтау/Есептеу
1	LTIFR	коэф.	корпоративтік	Уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкелетін жарақаттар жиілігінің коэффициенті, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты қайтыс болу жағдайлары
2	GA (Grid Availability - желінің қолжетімділігі, жылына %)	%	корпоративтік	Тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін сипаттайтын, тұтынушыларды электрмен жабдықтау үзілісінің орташа уақытын және электр энергиясын жеткіліксіз шығарудың жылдық көлемін ескере отырып айқындалатын коэффициент. GA мәнін анықтау кезінде үтірден кейінгі 5 белгі көрсетіледі, $GA = (1 - AIT / \text{Жылына минуттар саны}) \times 100\%$ , мұнда: AIT - average interruption time - орташа үзіліс уақыты, минут $AIT = \sum ENS (MBT.caғ.) / \text{Орташа жылдық қуат (MBт)} * 60$ , мұнда: ENS (Energy Not Supplied – табиғи сипаттағы ТЖ, сондай-ақ дүлей құбылыстар нәтижесінде болған

№	Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Түрі	Анықтау/Есептеу
				технологиялық бұзылыстарды қоспағанда, бір жыл ішінде э/э толық босатылмауы, МВт*сағ)
3	«KEGOC» АҚ әлеуметтік тұрақтылық деңгейі	%	корпоративтік	Samruk Research services әдістемесі (SRS индексі) негізінде «KEGOC» АҚ еңбек ұжымындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін талдау. SRS индексі «Самұрық-Қазына» АҚ еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін өлшеудің мониторингтік құралы болып табылады. SRS зерттеуінің негізгі мақсаты – уақтылы ескерту шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалау. Зерттеу бірқатар индикаторларды қамтиды: жалпы әл-ауқат (өмір сапасының шарттары, материалдық жағдай және болашақты қабылдау); еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігі (еңбек жағдайлары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік); адалдық (сенім, әділеттілік және адалдық); қарым-қатынас (қарым-қатынас, тапсырмаларды түсіну және кері байланыс) және наразылық көңіл-күйлері (еңбек жағдайындағы шиеленіс және наразылық акцияларына қатысуға дайындығы) өндірістік персонал арасында.
4	Басым инвестициялық жобаларды іске асыру	саны	корпоративтік	Көрсеткіш «KEGOC» АҚ басым инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі іс шаралардың орындалуын көрсетеді

### LTIFR, коэффициент

2023 жылдың қорытындысы бойынша 0,15 (бір қызметкер аяғынан жарақат алды) деңгейінде көрсеткішке қол жеткізілді, 2022 жылдың нақты мәнімен салыстырғанда (факт-0,45) жазатайым оқиғалар саны азайды.

### GA (Grid Availability – желінің қолжетімділігі, жылдық %)

2023 жылдың қорытындысы бойынша нақты мәнімен салыстырғанда көрсеткіш біршама өсті және 99,99988% деңгейінде қол жеткізілді.

### «KEGOC» АҚ әлеуметтік тұрақтылық деңгейі

2023 жылдың қорытындысы бойынша көрсеткіш 2022 жылдың деңгейінде қалды және 86%-ды құрады.

Басым инвестициялық жобаларды іске асыру

2023 жылдың қорытындысы бойынша көрсеткішке мақсат деңгейінде қол жеткізілді, жобалар бойынша жоспарланған 2 іс-шара белгіленген мерзімде орындалды

## Қызметтің нәтижелері

Төмендегі кестеде 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы KEGOC нәтижелерін ұсынылды:


(мың теңге)	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс	
	2023 ж.	2022 ж.	абсолютті мән	%
Кірістер	<b>252.136.383</b>	217.255.548	34.880.835	16
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	<b>(181.403.604)</b>	(166.355.885)	(15.047.719)	9
<b>Жалпы пайда</b>	<b>70.732.779</b>	<b>50.899.663</b>	<b>19.833.116</b>	<b>(39)</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	<b>(11.113.427)</b>	(9.020.431)	(2.092.996)	(23)
Іске асыру бойынша шығыстар	<b>(490.990)</b>	(310.355)	(180.635)	58
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығынды қалпына келтіруден түскен кіріс	-	949.895	(949.895)	(100)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығын	-	(4.548.255)	4.548.255	(100)
(Құнсызданудан болған шығын)/негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру	(462.516)	23.385	(485.901)	(2078)
<b>Операциялық пайда</b>	<b>58.665.846</b>	<b>37.993.902</b>	<b>20.671.944</b>	<b>54</b>
Қаржылық кірістер	<b>7.576.474</b>	5.726.115	1.850.359	32
Қаржылық шығындар	<b>(13.709.414)</b>	(13.294.934)	(414.480)	3
Оң бағамдық айырмашылық, нетто	<b>951.337</b>	114.963	836.374	728
Қауымдасқан компанияның пайдадағы үлесі	<b>195.304</b>	469.123	(273.819)	(58)
Басқа кірістер	<b>3.051.135</b>	2.488.310	562.825	23
Басқа шығындар	<b>(747.948)</b>	(500.704)	(247.244)	49
(Есептеу)/ күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті қалпына келтіру	<b>(2.384.102)</b>	(528.687)	(1.855.415)	351
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>	<b>53.598.632</b>	<b>32.468.088</b>	<b>21.130.544</b>	<b>65</b>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	<b>(10.202.243)</b>	(5.720.479)	(4.481.764)	78
<b>Үздіксіз қызметтен бір жылдағы пайда</b>	<b>43.396.389</b>	<b>26.747.609</b>	<b>16.648.780</b>	<b>62</b>

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке сәйкес Компанияның 2023 жылғы барлық кірістері 266 496 173 мың теңгені құрады. Компанияның 2023 жылғы шығыстары (оның ішінде КТС) барлығы 223 099 784 мың теңгені құрады.

## «KEGOC» АҚ түсімі (мың теңге)

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі  
2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Негізгі қызметтен түскен кірістер 252 136 383 мың теңгені құрады және 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 34 880 834 мың теңгеге немесе 16,06% - ға ұлғайды. Негізінен өсім көлемдер мен тарифтердің 17 254 686 мың теңгеге ұлғаюы салдарынан реттеліп көрсетілетін қызметтерден түсетін кірістердің, сондай-ақ ҚР теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түсетін кірістердің 19 171 922 мың теңгеге өсуімен байланысты.



Келесі кестеде 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қызметтерді сатудан түскен түсім бойынша KEGOC шоғырландырылған деректері берілген:

<i>(мың теңге)</i>	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Ауытқу	
	2023 ж.	2022 ж.	абсолютті мән	%
Электр энергиясын жеткізу	<b>105.590.568</b>	151.863.107	(46.272.540)	(30)
ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтер	<b>65.012.533</b>	–	65.012.533	-
Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер	<b>34.220.352</b>	32.130.461	2.089.892	7
Теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түсетін кірістер	<b>19.171.922</b>	–	19.171.922	-
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер	<b>16.549.298</b>	20.124.496	(3.575.198)	(18)
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түсетін кірістер	<b>8.740.009</b>	10.485.035	(1.745.026)	(17)
<i>с.і. сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс</i>	<b>118.080</b>	27.144	90.936	335
<i>с.і. сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс</i>	<b>481.092</b>	645.538	(164.446)	(25)
Қуатты реттеу қызметтері	<b>2.370.609</b>	2.006.911	363.698	18
<b>Басқалары</b>	<b>252.136.383</b>	<b>217.255.548</b>	34.880.835	16



Төмендегі кестеде 2023 және 2022 жылдарға арналған ТМРК бекіткен тарифтерді ескере отырып, реттелетін қызметтер бойынша кірістердің есебі берілген:

### Электр энергиясын жеткізу және ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызмет

«KEGOC» АҚ Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы механизмін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізуге байланысты «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап э/э жеткізу саласында екі қызмет көрсетеді: ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу және ұлттық электр торабын пайдалану бойынша.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			%, өзг.
	Өлш. бірл.	2023	2022	
Электр энергиясын жеткізуден түскен табыс (жеңілдіктерді ескере отырып)	мың теңге	105 590 568	151 863 107	(30)
Электр энергиясын жеткізудің нақты көлемі	млн. кВтсағ	39 244	58 570	(33)
<i>оның ішінде электр энергиясын жеткізудің ақылы көлемі</i>	<i>млн. кВтсағ</i>	<i>36 098</i>	<i>53 898</i>	<i>(33)</i>
Орташа тариф	теңге/кВтсағ	2,925	2,812	4
ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтен түсетін табыс	мың теңге	65 012 533	-	-
Қызметтің нақты көлемі	млн. кВтсағ	35 984	-	-
Орташа тариф	теңге/кВтсағ	1,807	-	-

Электр энергиясын жеткізу бойынша кірістер 105 591 млн. теңгені құрады және 2022 жылғы ұқсас кезеңнің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 46 273 млн.теңгеге төмендеді.

ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтен түскен кірістер 65 013 млн. теңгені құрады.

2022 жылмен салыстырғанда ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің төмендеуі мыналарға байланысты болды.

«Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушының моделін енгізу және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын іске қосу бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) өзгерістер енгізілді.

Осыған байланысты ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің құрылымы өзгертілді.

Мәселен, Электр энергетикасы туралы заңның 1-бабының 27-1) тармағына сәйкес, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша көрсетілетін қызмет – электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын

электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға жүйелік оператор көрсететін қызмет.

Бұдан басқа, заң шеңберінде Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын жеткізу саласына жататын, «KEGOC» АҚ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне олардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуы және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асыруы кезінде көрсететін ұлттық электр торабын пайдалану бойынша жаңа қызмет енгізіледі.

## Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтерден түскен табыс

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Өлш.бірл.	2023	2022	%, өзг.
Техникалық диспетчерлендіруден түскен табыс	мың теңге	34 220 352	32 130 461	6,5
Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер көлемі	млн. кВтсағ	106 284	104 264	1,9
Орташа тариф	теңге/кВтсағ	0,322	0,308	4,5

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кірістердің ұлғаюы 2022 жылғы ұқсас кезеңнің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда тарифтің 4,5%-ға (0,308-ден 0,322 теңгеге/кВтсағ) ұлғаюы есебінен 2 090 млн. теңгені құрады, бұл кірісті 1 467 млн.теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді, техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер көлемінің өсуі есебінен кірістер 622 млн. теңгеге өсті.

2023 жылғы 12 айда электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтердің нақты көлемі 106,284 млрд. кВтсағатты құрады. 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда көлемі 2,020 млрд. кВтсағ немесе 1,9% - ға өсті.

## Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтен түскен кіріс

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Өлш.бірл.	2023	2022	%, өзг.
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастырудан түсетін табыс	мың теңге	16 549 298	20 124 496	(17,8)
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемі	млн. кВтсағ	205 415	203 124	1,1
Орташа тариф	теңге/кВтсағ	0,081	0,099	(18,7)

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша кірістердің төмендеуі тарифті 18,7%-ға (0,099 теңгеден 0,081 теңгеге/кВтсағ) төмендету есебінен 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 3 575 млн.теңгені құрады, бұл кірістерді 3 803 млн. теңгеге қысқартты.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 2023 жылғы 12 айда 205,415 млрд. кВтсағатты құрады. 2022 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемінің өсуіне байланысты 2,291 млрд. кВтсағ немесе 1,1% - ға өсу байқалды

### Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыс

	Өлш.бірл.	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
		2023	2022	%, өзг.
Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдосының ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс	мың теңге	8 740 009	10 485 035	(18)
Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдо ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сату жөніндегі қызметтер көлемі	мың кВт*сағ	1 342 338	1 297 672	(6)
<i>с.і. сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс</i>	<i>мың теңге</i>	<i>118 080</i>	<i>27 144</i>	<i>335</i>
<i>Сатып алынған электр энергиясын өткізу бойынша қызметтер көлемі</i>	<i>мың кВт*сағ</i>	<i>13 141</i>	<i>3 628</i>	<i>262</i>
<i>Бағасы</i>	<i>теңге/кВт*сағ</i>	<i>8,99</i>	<i>7,48</i>	<i>20</i>

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыс ҚР-дан РФ-ға электр энергиясын сату көлемінің 87 млн. кВт/сағ (немесе 642 млн. теңгеге) төмендеуіне және орташа өлшенген бағаның 7,38-ден 6,49 теңге/ кВтсағ-қа дейін (немесе 1 194 млн теңгеге) төмендеуіне байланысты өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 836 млн. теңгеге немесе 18% -ға төмендеді.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс 118 млн.теңгені құрады және 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (27 млн. теңге) 91 млн. теңгеге өсті, негізінен Қырғыз Республикасына электр энергиясының жоспарлы ағыны көлемінің 9 512 мың кВтсағ-ға (3 629-дан 13 141 мың кВтсағатқа дейін) өсуі есебінен, баға 7,48 теңгеден 8,99 теңге/кВтсағ-қа дейін ұлғайды.

### Қуатты реттеу бойынша қызметтерді іске асырудан түсетін кіріс

	өлш.бірл.	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
		2023	2022	%, өзг.
Қуатты реттеу бойынша қызметтерді іске асырудан түскен кіріс	мың теңге	481 092	645 538	(25)

Қуатты реттеу бойынша қызметтердің көлемі	МВт	516	604	(15)
Орташа өлшенген баға	теңге/кВтсағ	932,35	1068,83	(13)

Бейрезиденттерге қуатты реттеу бойынша қызметтерді сатудан түскен табыс 2023 жылы (481 млн. теңге) 2022 жылмен салыстырғанда (646 млн. теңге) 25% - ға немесе 164 млн. теңгеге азайды. Бұл көрсетілген қызметтер көлемінің 88 МВт-қа (немесе 94 млн.теңгеге) азаюына және орташа өлшенген бағаның 1 068,83 теңгеден 932,35 теңгеге/кВт-қа (немесе 70 млн. теңгеге) төмендеуіне байланысты болды.

### Сатудың өзіндік құны



Келесі кестеде 2023 және 2022 ж.ж. 31 желтоқсанда аяқталған сатудың өзіндік құны бойынша «KEGOC» АҚ шоғырландырылған деректері берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	2023 жыл		2022 жыл	
	<i>(мың теңгемен және сату құнының %)</i>			
Тозуы және амортизация	50 380 059	28%	60 253 195	36%
Электр энергиясының технологиялық шығысы	35 185 787	19%	23 279 882	14%
Электр энергиясы ағындарының мемлекет аралық сальдосының ауытқуларын сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары	31 317 122	17%	28 421 668	17%
Еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да төлемдер	30 807 594	17%	24 612 591	15%
Пайдалану және жөндеу бойынша шығыстар	8 021 154	4%	8 910 057	5%
Салықтар	7 656 776	4%	9 283 619	6%
ҚР ЭТН-де теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстар	4 750 406	3%	-	
Жүктемені көтеруге қуаттың дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 140 042	2%	4 701 427	3%
Қорлар	1 611 784	1%	1 185 808	1%
Қорғау бойынша шығыстар	1 553 273	1%	1 475 501	1%
Басқалары	5 979 607	3%	4 232 137	3%
<b>Сатудың жиынтық өзіндік құны</b>	<b>181 403 604</b>	<b>100%</b>	<b>166 355 885</b>	<b>100%</b>

Сатудың өзіндік құны 9%-ға немесе 15 047 719 мың теңгеге ұлғайды. 2023 жылғы сатудың өзіндік құнының құрылымында 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мынадай негізгі өзгерістер болды:

- тозу және амортизация 9 873 136 мың теңгеге немесе 16%-ға артты;
- электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық ауытқуларының сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары 2 895 454 мың теңгеге немесе 10%-ға артты;
- Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар 6 195 003 мың теңгеге немесе 25%-ға ұлғайды;
- «Электр энергиясының технологиялық шығыны» бабы бойынша өсім 11 905 905 мың теңге немесе 51%-ды құрады (ЭТН шығындарын өтеу үшін э/э сатып алу-сату операцияларын есепке алмағанда).

### **Тозу және амортизация**

2023 жылы амортизация бойынша шығыстар сомасы 50 380 059 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 16%-ға (9 873 136 мың теңге) төмен.

Амортизациялық аударымдардың төмендеуі НҚ-ны қайта бағалауға, сондай-ақ қызмет мерзімдерін қайта қарауға байланысты.

### **Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының ауытқуларын сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары**

2023 жылы электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар 2022 жылмен салыстырғанда 10% - ға немесе 2 895 454 мың теңгеге артты.

Бұл көрсеткіштің өзгеруіне сағаттық ауытқуларды өтеу үшін Ресей Федерациясынан электр энергиясын сатып алу көлемінің 336,7 млн. кВтсағатқа өсуі әсер етті.

### **Еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да төлемдер**

2023 жылы еңбекақы төлеуге жұмсалған шығыстар 30 807 594 мың теңгені құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6 199 179 мың теңгеге немесе 25% - ға ұлғайды. Бұл өсім келесі негізгі себептерге байланысты болды:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап лауазымдық айлықақыларды/тарифтік мөлшерлемелерді көтеру арқылы;
- «Наурыз мейрамы» және «Республика күні» мемлекеттік мерекелеріне арналған біржолғы сыйлықақыларды төлеу;
- тоқсандық сыйлықақы мөлшерін ұлғайту есебінен.

### **Электр энергиясының технологиялық шығыны**

2022 жылы «Электр энергиясының технологиялық шығыны» бабы бойынша шығындар (ЭТН-де шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату операцияларын есепке алмағанда) өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51% - ға немесе 11 906 млн. теңгеге ұлғайды.

Сонымен қатар, 2023 жылы электр энергиясының технологиялық шығыны (ысырабы) ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын ескере отырып, 2022 жылмен салыстырғанда 10 842 млн.теңгеге артты.

№	Атауы (бап)	Өлш. бірл.	2022 ж.	2023 ж.		ажырау Ж-Ф		ажырау. Ф-Ф	
			факт	жоспар	факт	абс.	%	абс.	%
1	Электр энергиясының технологиялық шығыны (ысырабы)	млн.тг	23 279,9	32 055,6	35 185,8	3 130,2	9,8%	11 905,9	51,1%
1.1.	Көлемі	млн.кВтсағ	2 795,9	2 900,0	2 988,3	88,3	3,0%	192,4	6,9%
1.2.	Бағасы	тг./кВтсағ	8,33	11,05	11,77	0,72	6,5%	3,45	41,4%
2	Теңгерімдеуші э/э және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатуға арналған кірістер (KEGOC желілері арқылы жеткізуге арналған технологиялық шығыстарды өтеу үшін)	млн.тг			1 063,9	1 063,9		1 063,9	
2.1.	Көлемі	млн.кВтсағ			80,2	80,2		80,2	
2.2.	Бағасы	тг./кВтсағ			13,26	13,26		13,26	
3	Ысырап бойынша сальдо	млн.тг	23 279,9	32 055,6	34 121,9	2 066,3	6,4%	10 842,0	46,6%
3.1.	Көлемі	млн.кВтсағ	2 795,9	2 900,0	2 908,0	8,0	0,3%	112,2	4,0%
3.2.	Бағасы	тг./кВтсағ	8,33	11,05	11,73	0,68	6,2%	3,41	40,9%

### Жалпы және әкімшілік шығыстар (бұдан әрі – ЖӘШ)



Төмендігі кестеде KEGOC-тың 2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жалпы және әкімшілік шығыстары бойынша шоғырландырылған деректері берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	2023 жыл		2022 жыл	
	<i>(мың теңге және жалпы және әкімшілік шығыстардан %)</i>			
Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар	<b>6 061 290</b>	55%	5 134 881	57%
Техникалық қолдау шығындары	<b>1 006 948</b>	9%	577 552	6%
Тозу және амортизация	<b>1 001 940</b>	9%	923 604	10%
Үшінші тарап ұйымдарының қызметтері	<b>772 273</b>	7%	638 305	7%
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	<b>244 435</b>	2%	163 872	2%
Консультациялық қызметтер	<b>231 769</b>	2%	251 294	3%
Сақтандыру бойынша шығыстар	<b>112 193</b>	1%	26 169	0%
Иссапар шығындары	<b>107 309</b>	1%	63 847	1%
Коммуналдық шығындар	<b>83 414</b>	1%	76 207	1%
Материалдар	<b>67 925</b>	1%	80 542	1%
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	<b>63 780</b>	1%	67 450	1%
Тренингтер	<b>51 715</b>	0%	41 896	0%
Ескірген қорларға резервті есептеу	<b>79 272</b>	1%	77 931	1%
Басқалары	<b>1 229 164</b>	11%	896 881	10%
<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны</b>	<b>11 113 427</b>	100%	<b>9 020 431</b>	100%

Жалпы және әкімшілік шығыстар 11 113 427 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2 092 996 мың теңгеге (23%) жоғары.

### **Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар**

Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар 6 061 290 мың теңгені құрады және 2022 жылмен салыстырғанда 926 409 мың теңге немесе 18 %-ға артты.

Ауытқу келесі факторларға байланысты:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап лауазымдық айлықақыларды/тарифтік мөлшерлемелерді көтеру арқылы;

- «Наурыз мейрамы» және «Республика күні» мемлекеттік мерекелеріне арналған біржолғы сыйлықақыларды төлеу;
- тоқсандық сыйлықақы мөлшерін арттыру есебінен болды.

### Техникалық қолдау шығындары

Техникалық қолдауға жұмсалған шығындар 1 006 948 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 429 396 мың теңгеге жоғары, бұл ақпараттық байланыс жүйелерінің санын, сондай-ақ құнын (қызметті автоматтандыру) ұлғайту нәтижесінде болды.

### Әкімшілік шығыстардың тозуы және амортизациясы

Әкімшілік шығыстардың амортизациясы бойынша шығыстар сомасы 1 001 940 мың теңге, бұл негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 78 335 мың теңгеге немесе 9% -ға жоғары болып табылады.

### Үшінші тарап ұйымдарының қызметтері

Тараптық ұйымдардың қызметтері бойынша шығыстар 772 273 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 133 427 мың теңгеге немесе қызметтер құнының өсуі нәтижесінде 24%-ға жоғары.

### Сақтандыру бойынша шығыстар

Сақтандыру бойынша шығыстар 112 193 мың теңгені құрады, бұл қызметкерлерді медициналық сақтандыру бойынша қызметті қосу нәтижесінде 2022 жылғы көрсеткіштен 86 024 мың теңгеге жоғары.

### Ақша ағындары

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдердегі операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтің нәтижелері жинақталған:

<i>(мың теңге)</i>	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	
	2023ж.	2022ж.
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	<b>67.264.547</b>	80.678.722
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	<b>(28.085.886)</b>	(31.208.604)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағындары	<b>(21.363.120)</b>	(33.057.639)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	<b>17.815.541</b>	16.412.479
Валюта бағамының өзгеруінің шетел валютасындағы ақша сальдосына әсері	<b>(9.059)</b>	(600.425)
Ақша қаражаттарына және олардың баламаларына күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті есептеудің әсері	<b>158.949</b>	(182.790)
<b>Кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>27.563.092</b>	11.933.828
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>45.528.523</b>	27.563.092



2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары 45 528 523 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 17 965 431 мың теңгеге (65%) жоғары.

### Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны 2023 жылы 67 264 547 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас көрсеткіштен 13 414 175 мың теңгеге немесе 17%-ға төмен.

### Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

2023 жылы инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза шығуы -28 085 886 мың теңгені құрады және негізінен 2022 жылы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің «Кернеуі 500, 220 кВ желілер арқылы Қазақстан ҰЭТ-қа қоса отырып, 500 кВ «Алма» ҚС салу» жобасы бойынша 46,3 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі қарызын мерзімінен бұрын өтеу үшін депозиттік шоттардан ақша қаражатын алу есебінен, сондай-ақ инвестициялық бағдарламаны іске асыру кестесі шеңберінде негізгі құралдарды сатып алуға ақшалай қаражаттың шығуының өсуі есебінен 2022 жылмен салыстырғанда 3 122 718 мың теңгеге немесе 10%-ға артты.

### Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың таза шығуы -21 363 120 мың теңгені құрады және негізінен 2022 жылы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің «Кернеуі 500, 220 кВ желілер арқылы Қазақстан ҰЭТ-қа қоса отырып, 500 кВ «Алма» ҚС салу» жобасы бойынша 46,3 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі қарызын мерзімінен бұрын өтеу есебінен 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 694 519 мың теңгеге артты.

### Өтімділік

Келесі кестеде «KEGOC» АҚ таза борышының есебі берілген:

(мың теңге)	Валюта	Жай-күй бойынша	
		2023ж. 31 желтоқсан	2022ж. 31 желтоқсан
Алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер <sup>(1)</sup>	USD/EUR	(5 588 895)	(11 367 844)
Алынған қарыздар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер <sup>(1)</sup>	теңге	(1 146 917)	(5 530 813)
Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	теңге	(149 521 918)	(133 394 155)
Есептелген купондық сыйақылар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	теңге	(7 277 659)	(6 058 889)

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі  
2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Ақша қаражаттары және олардың баламалары	теңге	47 374 578	27 563 092
Самұрық-Қазына Облигациялары	USD/ теңге	-	30 072 911
Қазақстанның Даму Банкі Облигациялары	USD	1 101 857	
ҚазМұнайГаз Облигациялары	USD	877 560	
ҚР Ұлттық Банкінің ноталары	теңге	23 172 951	19 062 907
Банктік депозиттер <sup>(2)</sup>	теңге	5 051 777	7 434 744
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары	теңге	1 920 172	1 968 564
Самұрық-Қазына облигациялары бойынша есептелген сыйақы	теңге	-	254 333
Қазақстанның Даму Банкі облигациялары бойынша есептелген сыйақы	USD	8 329	
ҚазМұнайГаз облигациялары бойынша есептелген сыйақы	USD	8 517	
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары бойынша есептелген сыйақы	теңге	15 778	18 945
DSFK арнайы қаржы компаниясының облигациялары	теңге	411 883	377 731
<b>Таза борыш</b>		<b>(83 591 987)</b>	<b>(69 598 474)</b>

(1) Міндеттемелерге міндеттемелердің негізгі сомасын көрсететін компанияның қаржылық кепілдіктері, несиелері мен несиелері кіреді.

(2) Банктік депозиттерге жергілікті банктердегі қысқа мерзімді депозиттер кіреді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары 47 374 578 мың теңгені құрады. Қарыздар бойынша міндеттер 163 535 389 мың теңгені құрады және 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 183 688 мың теңгеге артты.

Таза борыш 83 591 987 мың теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13 993 513 мың теңгеге ұлғайды.

#### Валюталар бөлінісінде депозиттердегі ақша қаражаты:

Депозит валютасы мың	2023 жылғы 31 желтоқсан		2022 жылғы 31 желтоқсан	
	в иностранной валюте	теңге	в иностранной валюте	теңге
АҚШ доллары	130 010	59 098	16 009	7 406 745
Теңге		4 992 679		3 100
<b>Барлығы мың теңге</b>		<b>5 051 777</b>		<b>7 409 845</b>

#### Қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелер Қарыздар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша өтелмеген қарыздардың қалдығы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің (ХҚДБ), Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің (ЕКДБ) кредиттерімен ұсынылды. Бұл кредиттер «Ұлттық электр торабын жаңғырту II кезең», «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы» жобаларын іске асыру үшін кредиттік желілер шеңберінде берілген.

Несиелердің әрқайсысы бойынша өтеу мерзімі, қамтамасыз ету және сома төмендегі кестеде берілген:

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Қарыз шарты	Банк	Қарыз бойынша берешек сомасы 31.12.2023 ж			Кредитті өтеу күні	Қарыздар бойынша қамтамасыз ету
		мың теңге	мың АҚШ долл.	мың еуро		
2009 жылғы 12 қараша КС 7738-KZ	ХҚДБ	6 735 812	14 599	-	Жылына 2 рет 15.09.2034 дейін	12.11.09ж. № 11СТГ004
<b>Барлығы</b>		<b>6 735 812</b>	<b>14 599</b>			

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай кредиттік көздерден қалыптастырылады:

	Жай-күй бойынша	
	2023ж. 31 желтоқсан (мың теңге)	2022ж. 31 желтоқсан (мың теңге)
Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі («ХҚДБ»)	6 735 812	12 575 944
Еуропалық Қайта Құру және даму банкі («ЕҚДБ»)		4 322 713
Барлығы	6 735 812	16 898 657
12 ай ішінде төленуі тиіс ХҚДБ мен ЕҚДБ-дан қарыздар бойынша берешектің ағымдағы бөлігін шегергенде	(1 146 917)	(5 530 813)
	5 588 895	11 367 844

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның қарыздары бойынша есептелген, төленбеген сыйақы тиісінше 131 596 мың теңгені және 252 227 мың теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды ұйымдастыру жөніндегі комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 32 068 мың теңгені және 20 450 мың теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды өтеу мерзімдері бойынша ақпарат мынадай:

	ХҚДБ (мың теңге)	ЕҚДБ (мың теңге)	Барлығы (мың теңге)
<b>Қарыздың қысқа мерзімді бөлігі</b>	1 146 917		1 146 917
1 жылдан 2 жылға дейін	1 016 535		1 016 535
2 жылдан 3 жылға дейін	1 016 535		1 016 535
3 жылдан 4 жылға дейін	1 016 535	-	1 016 535
4 жылдан астам	2 539 290	-	2 539 290

Қарыздың ұзақ мерзімді бөлігі	5 588 895	0	5 588 895
Барлығы	6 735 812		6 735 812

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай валюталарда көрсетілді:

	2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша		2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша	
	(теңге)	(шетел валютасында) мың	(теңге)	(шетел валютасында) мың
АҚШ долларындағы қарыздар	6 758 169	14 599	12 575 944	26 836
Еуроодағы қарыз	0	0	4 322 713	8 626
<b>Барлығы мың теңге</b>	<b>6 758 169</b>		<b>16 898 657</b>	

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияда негізгі қарыз бен пайыздар бойынша кешіктірілген төлемдер жоқ.

Қарыз шарты	Банк	Жоба	2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша	2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша
			(мың теңге)	Қарыз шарты
2008 жылғы 5 маусымдағы КС 38647	ЕҚДБ	ҰЭТ-ты жаңғырту 2-кезең	0	2008 жылғы 5 маусымдағы КС 38647
2009 жылғы 12 қарашадағы КС 7738-KZ	ХҚДБ	Мойнақ	6 758 169	2009 жылғы 12 қарашадағы КС 7738-KZ
<b>Барлығы</b>			<b>6 758 169</b>	

## Облигациялар

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша шығарылған облигациялар бойынша берешек мыналардан тұрады:

	Жай-күй бойынша	
	2023 жылғы 31 желтоқсан (мың теңге)	2022 жылғы 31 желтоқсан (мың теңге)
Шығарылған облигациялардың номиналды құны	150 941 100	134 941 100
Есептелген купондық сыйақы	7 277 659	6 058 889
Минус: шығарылған облигациялар бойынша жеңілдік	(1 337 888)	(1 457 789)
Минус: мәміле бойынша шығындар	(81 294)	(89 156)

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі  
2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Барлығы	<b>156 799 577</b>	<b>139 453 044</b>
12 ай ішінде өтелуі тиіс облигациялардың ағымдағы бөлігін шегергенде	(7 277 659)	(6 058 889)
<b>Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны</b>	<b>149 521 918</b>	<b>133 394 155</b>

Қоғам «500кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салу» жобасын іске асыруға қарыздық қаржыландыруды тарту мақсатында Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2016 жылғы 4 мамырда «KEGOC» АҚ-ның 83,8 млрд.теңге сомасына алғашқы облигациялық бағдарламасын тіркеді. Осы облигациялық бағдарлама шегінде Қоғам шығарылым проспектісімен анықталған шығарылымның әртүрлі шарттары бар облигациялардың екі шығарылымын жүзеге асырды.

### Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі:	KZP01Y15F281
ISIN:	KZ2C00003572
Номиналды құны, теңге:	1 000,00
Шығару көлемі, млн теңге:	47 500,00
Айналымның басталу күні:	26.05.16 ж.
Айналымның соңғы күні:	25.05.31 ж.
Өтеудің басталу күні:	26.05.31 ж.
Өтініш беру мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	Қазақстандағы инфляция деңгейіне тәуелді, еркін, кредиттік тәуекел 290 б.п. қосылады. Бұл ретте инфляция дәлізі 5-16 пайыз.
Купондарды төлеу мерзімділігі:	Жылына 1 рет
Купондарды төлеу күндері:	Жыл сайын 26 мамырда

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 36,3 млрд. теңге көлеміндегі облигациялардың екінші шығарылымын жүзеге асырды (Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2017 жылғы 3 шілдедегі тіркеуі).

Сауда-саттық нәтижесінде тарту көлемі бойынша облигациялардың 24,8% – ын ЕДБ, 63,8 %-ын басқа институционалдық инвесторлар, 2,7%-ын брокерлік – дилерлік компаниялар, 8,7% - ын басқа заңды тұлғалар сатып алды.

### Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (екінші шығарылым):

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі:	KZP02Y15F289
ISIN:	KZ2C00003978
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығарылым көлемі, млн теңгемен:	36 300,00
Айналымның басталу күні:	29.08.17 ж.
Айналымның соңғы күні:	28.08.32 ж.
Өтеу басталған күні:	29.08.32 ж.
Өтініш беру мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	11,5% жылдық (тіркелген)
Купондарды төлеудің мерзімділігі:	Жылына 1 рет
Купондарды төлеу күні:	Жыл сайын 29 тамызда

«KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау» инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында 2020 жылғы 28 мамырда жалпы көлемі 9,7 млрд.теңге болатын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында «KEGOC» АҚ облигацияларын сәтті орналастыру өтті.

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 2021 жылғы қаңтарда көлемі 8,9 млрд теңге және 2021 жылғы қазанда көлемі 16,6 млрд теңге облигациялар шығаруды жүзеге асырды.

Бағалы қағаздар жалпы көлемі 80 млрд теңге болатын Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының облигацияларының бірінші шығарылымы аясында орналастырылды.

**Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):**

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
ISIN:	KZ2C00006658
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығаралым көлемі, млн теңгемен:	35 000,00
Айналымдағы облигациялар саны	18 569 672 дана
Айналымның басталу күні:	28.05.20ж.
Айналымның соңғы күні:	28.05.35ж.
Өтеудің басталу күні:	28.05.35ж.
Айналым мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	индекстелген

2022 жылғы 21 желтоқсанда «KEGOC» АҚ-ның жалпы көлемі 16,1 млрд теңге «жасыл» облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында орналастырылды.

Бағалы қағаздар Эмитенттің 35 млрд теңге көлеміндегі екінші облигациялық бағдарламасы облигацияларының екінші шығарылымы шеңберінде, өтеу мерзімі 2037 жылға дейін орналастырылды.

Тартылған қаражат «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау», «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» инвестициялық жобаларын қаржыландыруға арналған.

**Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (екінші шығарылым):**

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
ISIN:	KZ2C00007797
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығаралым көлемі, млн теңгемен:	35 000,00
Айналымдағы облигациялар саны	16 141 100 дана
Айналымның басталу күні:	21.12.22 ж.
Айналымның соңғы күні:	21.12.37 ж.
Өтеудің басталу күні:	21.12.37 ж.
Айналым мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	индекстелген

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 2023 жылғы наурызда көлемі 16,0 млрд. теңге облигациялар шығарды.

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
ISIN:	KZ2C00007797
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығаралым көлемі, млн теңгемен:	35 000,00
Айналымдағы облигациялар саны	16 000 000 дана
Айналымның басталу күні:	21.12.22 г.
Айналымның соңғы күні:	21.12.37 г.
Өтеудің басталу күні:	21.12.37 г.
Айналым мерзімі:	15 лет
Купондық мөлшерлеме:	индекстелген

### **Қолданыстағы кредиттік келісімдер.**

#### **«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең**

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең жобасын жүзеге асыру үшін мынадай кредиттік желілер ашылды:

ХҚДБ 15 (он бес) жылға берген, олардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 127 500 мың еуро және 75 000 мың еуро сомаларына екі кредиттік желі. Қарыз бойынша пайыздар ЕВРОБОР банкаралық алты айлық мөлшерлемеге 3,85 % маржаны қоса есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2023 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша қарыз бойынша негізгі борыш толық өтелді (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша: 8.626 мың еуро (теңгедегі баламасы 4.251.360 мың)).

#### **«Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы»**

2009 жылы «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ ХҚДБ 25 (жиырма бес) жылға берген, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 48 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі ашты. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар 2023 жылғы 15 қыркүйектен бастап ай сайынғы СОФР мөлшерлемесі және 1,28% тіркелген спрэд бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2013 жылғы мамырда ХҚДБ-дан алынған кредиттік желінің 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі игерілмеген бөлігі аталған жоба барысында жүктелген нақты шығындар сомасы күтілгеннен азырақ соманы құрағандығымен байланысты жойылды. Сондай-ақ, 2023 жылғы 14 қыркүйекте 10 000 мың АҚШ доллары сомасында қарызды ішінара-мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешектің қалдығы тиісінше 14 599 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы 6 636 284 мың) және 26 836 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы 12 415 520 мың) құрайды.

### **Күрделі қаржы шығыстары**

Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмесі  
2023 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Шаруашылық қызмет капиталды қажет етеді. Ол қолданыстағы өндірісті жаңғыртуға және оны дамытуға айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді. Капиталға деген қажеттілік мыналардан тұрады:

- Қазақстанның энергетикалық жүйесінің сенімділігін және бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, активтердің пайдалы қызмет ету мерзімін арттыратын біздің активтеріміздің және соған байланысты ақша ағындарының қолданыстағы тұтастығы мен өндірістік қуатын қолдауға және жаңғыртуға арналған күрделі қаржы шығындары;

- жұмыс істеп тұрған активтердің өндірістік қуатын немесе кірістілігін арттыруға, сондай-ақ құрылыс арқылы жаңа активтерді дамытуға бағытталған өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржы шығындары.

Компания 2023 және 2022 жылдары тиісінше 28 014,896 млн. теңге және 25 364,634 млн. теңге сомасына өндірістік активтерді және өндірістік қызмет процесіне тікелей қатысатын өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға, «ЖЭТ филиалдарында 220-500 кВ ӘЖ-ні реконструкциялау» ірі инвестициялық жобасына инвестицияларды (6 848,006 млн. теңге және 11 104,340 млн. теңге) қоса алғанда күрделі қаржы шығындарын жұмсады. 2023 жылы «ЖЭТ филиалдарында 220-500 кВ ӘЖ-ні реконструкциялау» жобасының I кезеңі бойынша реконструкциялау үшін таңдалған 24 ӘЖ-де құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының жұмыс істеп тұрған 220-500 кВ электр жеткізу желілерінің 2023 км ӘЖ-сі реконструкцияланды, соның ішінде 255,9 км ӘЖЖ 2023 жылы реконструкцияланды. Қазақстан ҰЭТ жұмысының сенімділігін арттыруға және Компанияның электр желісінің тозуын азайтуға қол жеткізілді.

2023 жылы Компанияның өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржы шығындары 2022 жылғы 22 148,234 млн. теңгемен салыстырғанда 25 416,615 млн. теңгені құрады және негізінен Компанияның негізгі операциялық активтеріне, оның ішінде «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» ірі инвестициялық жоба бойынша қаржы салымдары (24 678,557 млн. теңге) болып табылады.

2023 жылы «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» жобасы бойынша ӘЖ ұзындығы 779,7 км сымды монтаждау толық аяқталды, оның ішінде 2023 жылы – 481,9 км монтажданды. Барлық жоспарланған 4 203 тірек орнатылды, оның ішінде 2023 жылы 1 305 тірек орнатылды. Жалпы ұзындығы 779,7 км 220 кВ «Орал-Правобережная – Индер - Қарабатан – Құлсары – Теңіз» ӘЖ 28.11.2023 жылы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың қатысуымен телекөпір режимінде жұмысқа қосылды. 220 кВ «Орал», «Правобережная», «Индер», «Құлсары», «Теңіз» 5 ӘЖ кеңейтілді және 220кВ «Қарабатан» ТП салынды. Батыс Қазақстан мен Атырау облыстары арасындағы транзиттің екінші тізбегін қосу нәтижесінде электр желісінің өткізу қабілеті едәуір артты: «Батыс Қазақстан энергия торабы-Атырау» учаскесінде 100 МВт - тан 200 МВт-қа дейін; «Атырау-Маңғыстау» учаскесінде 50 МВт-тан 200 МВт-қа дейін. Бұл Батыс аймақ желісінің сенімділігін екі есе арттырды. Тұтынушыларды ажырату ықтималдығы минимумға дейін азаяды.



## **Тарифтердің шекті деңгейлерін төмендету, оның ішінде өтемдік тарифті енгізу**

Тәуекелді реттеу мақсатында Компания мынадай іс-шараларды жүргізеді:

- Табиғи ресурстар субъектілерінің қызметін реттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;

- тарифтік сметалардың және инвестициялық бағдарламаның орындалуына талдау жүргізу және қажет болған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаға тарифтік сметаларды түзету бойынша ұсыныстарды дайындау және ТМРК-ға енгізу (тарифтердің шекті деңгейлерін өзгертпестен);

- ТМРК-ға реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаға тарифтік сметалардың орындалуы бойынша есептерді ұсыну.

Қазақстан Республикасында тариф белгілеу саясатының өзгеруі, тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаларға тарифтік сметалардың орындалмауы Компанияның бизнесіне оның қаржылық нәтижелері мен жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін.

## **Валюталық тәуекел**

АҚШ долларының және басқа валюталардың теңгеге қатысты айырбас бағамының ауытқуы Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін, өйткені Компанияның кірісі теңгемен көрсетіледі.

2023 жылы Компания валюталық міндеттемелер бойынша берешек мөлшерін азайтты. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша валюталық міндеттемелер 6 735 812 мың теңгені құрайды, бұл қаржылық міндеттемелердің үлес салмағындағы 4%-ға сәйкес келеді.

Валюталық тәуекелді реттеу мақсатында 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша депозиттік шоттарда 2,8 млн. АҚШ доллары (1 258 408 мың теңге) мөлшерінде сома орналастырылды, жалпы сомасы 8,7 млн. АҚШ долларына (3 932 093 мың теңге) бағалы қағаздар сатып алынды, бұл шамамен 4 жыл бойы борышқа қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

## **Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі**

Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру қаупіне ұшырауы, ең алдымен, өзгермелі пайыздық мөлшерлемелері бар Компанияның ұзақ мерзімді несиелерімен байланысты. Компания ықтимал тәуекелдерді азайту үшін хеджирлеу құралдарын қолданбайды, өйткені басшылық пайыздық мөлшерлемелерді мерзімді қайта қарауға байланысты несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі маңызды емес деп санайды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның теңге және АҚШ долларымен көрсетілген тартылған қарыздары мен шығарылған облигацияларында (163 535 389 мың теңге) өзгермелі пайыздық мөлшерлеме және облигациялардың екінші шығарылымы бойынша тіркелген мөлшерлеме болды.

Компания пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуынан туындайтын әділ құнның өзгеруіне ұшырайды.

Компанияның пайыздық кіріс әкелетін активтері теңгемен және АҚШ долларымен көрсетілген қысқа мерзімді депозиттерден тұрады, олардың жалпы сомасы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша тіркелген пайыздық мөлшерлеме бойынша орналастырылған 29 712 451 мың теңгені құрайды; жалпы сомасы 47 161 481 мың теңгені құрайтын бағалы қағаздардан тұрады.

2022 жылдан бастап LIBOR мөлшерлемелерін есептеудің тоқтатылуына байланысты ХҚДБ SOFR-ді АҚШ долларымен несиелер бойынша жаңа базалық мөлшерлемелермен айқындады (АҚШ долларымен ақша нарығындағы «эталондық» пайыздық мөлшерлеме, АҚШ қазынашылығының бағалы қағаздар кепілімен овернайт ақшалай қаражатты қарызға алудың РЕПО құнының бақыланатын мөлшерлемелеріне негізделген).

### **Акционерлерге төленетін дивидендтер**

2023 жылы шамамен 33,4 млрд. теңге дивиденд төленді:

- 2022 жылдың 2 жартыжылдығында 13,2 млрд. теңге,

- 2023 жылдың 1 жартыжылдығында - 20,2 млрд. теңге,

бұл бір жай акцияға есептегенде 128,33 теңгені құрайды.

Дивидендтер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 4-тармағына сәйкес төленді.

Қор биржасында алғашқы орналастырылған сәттен бастап акционерлерге төленген дивидендтердің жалпы сомасы шамамен 238 млрд. теңгені құрады, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционеріне 214,5 млрд.теңге және миноритарлық акционерлерге 23,8 млрд. теңге төленді.